

**Мемлекеттік білім тапсырысы аясында
орта білім берумен қамтамасыз ету бойынша қызмет
№ 1253 Келісім-шарты**

Нұр-Сұлтан қ.

« 24 » мамыр 2022жыл

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, ереже негізінде әрекет ететін Басшысының орынбасары Еламанов Нариман Танатарович, бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу күкірткышы мемлекеттік коммуналдық қасіпорны бұдан әрі Өнім беруші, оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Нұсіпжан Женісқұл Темірханқызы, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2-бабының 3-тармағы З-тариғада қаласы мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерін сатып алу бойынша шартын тармақшасы мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерін сатып алу бойынша шартын (бұдан әрі-шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оган косымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бага бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:
Ерекшелігі бойынша 040-015-159 Мемлекеттік білім тапсырысы аясында орта білім берумен қамтамасыз ету бойынша қызметтер.

1.2 Төменде көлтірілген күжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шарттың күрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтканда:

- 1) осы Шарт;
- 2) техникалық ерекшелік.

2 Шарттың сомасы және акы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы ҚКС – сыз **60 000 000 (алтыс миллион теңге нол тиын)** тенгени күрайды және қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды (бұдан әрі-Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумактық органында Шарт
040 Мемлекеттік орта білім беру үйімдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға бюджеттік бағдарламасы, **015** Жергілікті бюджет каражаты есебінен кіші бағдарламасы, **159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға акы төлеу ерекшелігі бойынша – **60 000 000 (алтыс миллион теңге нол тиын)** - ҚКС есепке алмағанда 2022 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.4 Сандық және қундық мәнде көрсетілетін қызметтердің көлемі Шартка техникалық ерекшелікте айтылған.

2.5 Төлем алдындағы қажетті күжаттар:

- 1) аумактық қазынашылық органында тіркелген шарт;
- 2) көрсетілген қызметтер актісі (актілері);
- 3) жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамту туралы есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушігে көрсеткен қызметтердің сипаттамасы, жалпы сомасы көрсетілген электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндетті;
- 2) шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартка қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті;
- 3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда санамаланған кандай да бір құжаттар мен акпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауга тиіс;
- 4) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы акпарат ұсынуға міндетті;
- 5) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де құқыкка сыйымсыз әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде етеуге міндеттенеді;
- 6) Тапсырыс берушігে веб-портал арқылы электрондық-цифрлық қолтандамен бекітілген Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 кантардағы № 12 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарттарын жасасу қагидаларына 2-қосымшаның коса беріліп отырған нысанына сәйкес көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге міндетті;
- 7) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін шот-фактураны электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесінде электрондық нысанда жазып беру қагидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге міндетті;

3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін акы төлеуді талап етуге құқылы;
- 2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартка техникалық ерекшелікте көрсетілген қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) қызметтер көрсету үшін Өнім беруші мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті;
- 2) көрсетілген қызметтердің сәйкесіздіктері анықталған кезде тез арада өнім берушінің жазбаша хабардар етуге міндетті;
- 3) жеткізуіден оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не дәлелді негізdemелерді көрсете отырып, қызметтерді қабылдаудан бас тартуға құқылы;
- 4) көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қагидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауга міндетті;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлем жүргізуге құқығы бар.

3.4 Өнім беруші:

- 1) көрсетілген қызметтердің сапасын мониторингілеу;
- 2) қызметтер мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші Қызметтерді мерзімінен бұрын қабылдауга және ол үшін шарт талаптарына сәйкес акы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаган жағдайларда жол беріледі.

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

- 4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұргысына мониторинг жүргізе алады. Бұл ретте осы мониторинг бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы мақсаттар үшін айқындалған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және уактылы хабардар етуге тиіс.

4.2 егер мониторинг кезінде көрсетілген қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, өнім беруші мониторинг сәтінен бастап 3 күн ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір косымша шығындарыз техникалық ерекшелік талаптарына сәйкесіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

4.3 жогарыда көрсетілген бірде-бір тармак өнім берушіні Шарт бойынша баска міндеттемелерден босатпайды.

5 Қызметтер корсету

5.1 өнім берушінің қызметтер корсетуі Шарттың ажырамас белгі болып табылатын Шартқа техникалық ерекшелікте көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа косымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсырган жағдайда қызмет көрсетілген болып саналады

6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уактылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік береді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшелік қызметтерінің кателерін, жете өндеулері мен баска да сәйкесіздіктерін өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, содан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші хабарламада айқындаған мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

6.4 егер Өнім беруші хабарламаны алғып, кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды уактылы қабылдамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен және Тапсырыс берушінің өнім берушіге қатысты шарт бойынша иелене алатын баска құқыктарына нұқсан келтірмей қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою бойынша шараларды қолдана алады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шенберінде өз міндеттемелерін орындамаган немесе тиісінше орындамаган жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-кол акшаны бақылау шотында/дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлғаның есеп айырысу шотында акша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл онда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл онда оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауга тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаган жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) шарттың жалпы сомасының 0,1% (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаган (ішінара орындамаган) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаган міндеттемелер сомасының 0,1% жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаган міндеттемелер сомасының 0,1% жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауга тиіс.

7.4 . Өнім беруші қызметтер көрсетуден бас тарткан немесе шарт бойынша қызметтер көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімінен кешіктірмей бір айдан астам мерзімге қызметтер көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіппен осы Шартты бұзуга құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін кажетті құнның немесе мерзімдердің азауына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары өнім беруші тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған құннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуға тиіс.

7.7 Өнім берушінің Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толыктай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық қазынашылық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

8.2 Шартты өзгерту және бұзу туралы Келісім, егер заңдардан, Шарттан немесе іскерлік айналым дағдыларынан өзгеше туында маса, шарт сиякты нысанда жасалады.

8.3 Шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты Тарап екінші Тараптың шартты өзгерту немесе бұзу ұсынысына бас тартуын алғаннан кейін не ұсыныста көрсетілген немесе заңнамада не шартта белгіленген мерзімде, ал ол болмаган кезде - отыз күндік мерзімде жауап алмаганинан кейін ғана сотка мәлімдей алады.

8.4 Жасалған шартқа өзгерістер тараптардың келісімі бойынша Тапсырыс берушінің бекітілген бюджеті шегінде, оның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен білім беру қызметтерімен қамтамасыз етілетін тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны өзгерген кезде отыз күндік мерзімде жауап алмаганинан кейін сотка мәлімдей алады.

8.5 Шарт тараптардың келісімі бойынша оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

8.6 Шартты бұзган немесе өзертек жағдайда, егер Тараптардың келісімінен немесе шартты өзгерту сипатынан өзгеше туында маса, шартты өзгерту немесе бұзу туралы тараптардың келісіміне қол жеткізілген сәттен бастап, ал шартты сот тәртібімен бұзған немесе өзертек кезде шартты бұзу немесе өзгерту туралы сот шешімі занды қүшіне енген кезден бастап міндеттемелер тоқтатылған немесе өзертілген болып саналады.

8.7 Егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, Тараптар Шартты бұзған немесе өзертек кезге дейін міндеттеме бойынша өздері орындаған жұмысты қайтаруды талап етуге құқылы емес.

8.8 Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға нұксан келтірмей, 7.4-тармақтың талаптарын ескере отырып, Тапсырыс беруші. Өнім берушіге міндеттемелердің орындалмаганы туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінara бұза алады:

8.9 Мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарты кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін:

- 1) Егер өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде қызмет көрсете алмаса;
- 2) Егер өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаі алмаса.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапка жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефон арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе қүшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің кайсысы кешірек болатынына байланысты қүшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

Техникалық ерекшелік

1. Жалпы ережелер

. Кызмет көрсетудің мақсаты орта білім беруге мемлекеттік білім тапсырысы шенберінде оқыту болып табылады және Казакстан үлкендердің Білім беру саласындағы заннамалық актілеріне, арлық-гигиеналық нормаларға және басқа да нормативтік құқыктық ерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Осы Техникалық ерекшелік орта білім беруге арналған мемлекеттік м беру тапсырысы шенберінде оқыту бойынша көрсетілетін кызметтердің дан әрі - көрсетілетін кызмет) сипаттамаларына койылатын техникалық іалық және өзге де талаптарды қамтиды.

3. Негізі:

1) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Казакстан Республикасының аны;

2) «Казакстан Республикасындағы баланың құқыктары туралы»
Казакстан Республикасының 2002.08.08 № 345 Заны

3) Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 кантардағы №122 бұйрығы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, жоғары оку орнындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

4) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы "Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 карашадағы № 596 Бұйрығы;

5) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 карашадағы № 597 Бұйрығы.

2. Негізгі сипаттамаларға койылатын талаптар

4. Кызмет камтамасыз ететін орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру үйімінде (әлеуетті өнім беруші) жүргізіледі:

10.2 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына багынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиганы білдіреді. Мұндай оқигалар мыналарды камти алады, бірақ тек оларға емес: соғыс кимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындағы жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден баска жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудын баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындағын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындағы келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 салықтар мен бюджетке төленетін баска да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының Салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шарт жасасу нысанында жасалады

12.3 шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісіміменға жол беріледі.

12.4 Шарт бірдей заңды күші бар казак және орыс тілдерінде жасалды.

12.5 Шартпен реттелмеген болілігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Нұр-Сұлтан қаласының Білім баскармасы" мемлекеттік мекемесі
Нұр-Сұлтан қ, Бейбітшілік, 11
БСН 880740000016
БСК ККМFKZ2A
ЖСК KZ22070102KSN6201000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 557455

Басшысының орынбасары

Н. Еламанов
(жолы)



Өнім беруші:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №93 мектеп-лицией шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Нұр-Сұлтан қ, Алматы ауданы,
Ж.Нәжімedenova көшесі 24 гим.
БСН/ЖСН 220540004818
БСК KCJBKZKX
ЖСК KZ988562203117259668
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 87787000519

Директор

Ж.Т.Нұсіпжан



Техникалық ерекшелік

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет көрсетудің мақсаты орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқыту болып табылады және Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамалық актілеріне, санитарлық-гигиеналық нормаларға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Осы Техникалық ерекшелік орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқыту бойынша көрсетілетін қызметтердің (бұдан әрі - көрсетілетін қызмет) сипаттамаларына қойылатын техникалық сапалық және өзге де талаптарды қамтиды.

3. Негізі:

1) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны;

2) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқыктары туралы» Қазақстан Республикасының 2002.08.08 № 345 Заны

3) Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2016 жылғы 29 қантардагы №122 бұйрығы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қагидалары

4) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қагидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 Бұйрығы;

5) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы.

2. Негізгі сипаттамаларға қойылатын талаптар

4. Қызмет қамтамасыз ететін орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру үйімінде (әлеуетті өнім беруші) жүргізіледі:

ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етіледі;

5. Орта білім беру үйыми (әлеуетті өнім беруші) Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына және ішкі актілерге сәйкес оку, тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысты жоспарлайды және жүзеге асырады.

6. Сапалы қызмет көрсету үшін орта білім беру үйыми (әлеуетті өнім беруші) МЖМБС нормаларына сәйкес оку жұмыс жоспарлары мен оку жұмыс бағдарламаларының, оку жоспарлары мен оку бағдарламаларының негізінде білім беру процесін үйимдастырады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде:

1) білім беру бағдарламаларының тәрбиелік компоненттері ұлттық құндылықтарды дарытуға, патриоттық пен азаматтықты қалыптастыруға, білім алушылардың жан-жақты мұдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

8. Орта білім беру үйимдағы тіл саясаты (әлеуетті өнім беруші) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

9. Қаржыландыру кезінде мыналар ескеріледі: білім беру процесіне арналған шығыстар тарифтері (МЖМБС іске асыру), үйымдардың барлық түрлері үшін міндепті (қызметкерлердің жалақысы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қосымша ақшалай төлемдер, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, ҚР БФМ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандығы нормативтік қаржыландыру қағидалары туралы бұйрығына сәйкес әлеуметтік аударымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жогары және жоғары оку орындан кейінгі білім беру, білім алу кезеңінде білім алушылар үшін тамақтану, жалпыга бірдей орта білім беру корының шығындары).

10. Орта білім беру үйимина (әлеуетті өнім берушіге) қойылатын талаптар:

- 1) білім беру қызметін жүргізуге лицензияның болуы;
- 2) жалпы білім беру бағдарламаның болуы;
- 3) оку процесін үйимдастыруға арналған гимараттың (спорт залдың, медициналық кабинеттің және т.б.) болуы;
- 4) окушылардың тамақтануын үйимдастыру үшін асхананың болуы;
- 5) материалдық-техникалық базасының болуы

11. Қызмет кемінде 104 білім алушыны қамтуы тиіс, олар үшін сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасалуда.

Оқушылар үшін жсан басына шаққандагы норматив мөлшерін есептей:

Білім деңгейі	Нормотиптік оқушылар	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар (инклузив)	Түзету сыныптарында оқитын оқушылар үшін	Үйде оқитын оқушылар үшін
1-4 класстар	357 099 тг	592 703 тг	649 948 тг	1 631 199 тг
5-9 класстар	476 687 тг	831 879 тг	770 106 тг	2 016 257 тг
10-11 класстар	563 600 тг	1 005 705 тг	814 429 тг	2 400 969 тг

3. Материалдық-техникалық базаға және персоналға қойылатын талаптар

12. Сапалы қызмет көрсету мақсатында орта Білім беру үйімінде (әлеуетті өнім берушіде) мыналар болуы тиіс:

- 1) материалдық-техникалық база және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (оқу әдебиеті мен оқу-әдістемелік құралдардың кітапхана қоры және т. б.);
- 2) білікті педагог қызметкерлердің (жоғары және 1 санаты кемінде 35% педагог кадрлардың) және штат кестесіне, біліктілік талаптары мен сипаттамаларына сәйкес басқа да кадрлардың болуы;
- 3) компьютерлік, көшіру-көбейту техникасының, интернеттің (Wi-Fi), телефон байланысының болуы.

13. Материалдық-техникалық база және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету білім беру саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес болуы тиіс.

5. Қызмет көрсету нәтижелеріне қойылатын талаптар

14. Орта білім беру үйімі (әлеуетті өнім беруші) электрондық және қағаз жеткізгіштерде қызмет көрсету нәтижелері бойынша ақпараттық есептерді ұсынады.

6. Ілеспе жұмыстар мен қызметтер тізбесі

15. Сапалы қызмет көрсету шенберінде орта білім беру үйімі (әлеуетті өнім беруші) болуы керек:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының белгіленген нормаларына сәйкес материалдық-техникалық базаны (оқу үй-жайларын, спорт аландарын және т. б.), жабдық пен жиһазды тиісті санитариялық жағдайда ұстауды қамтамасыз ету;
- 2) қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі бойынша нұскама жүргізу және күзет пен бейнебакылаудың болуы;
- 3) ғимаратқа, компьютерлік, көшіру-көбейту техникасына, тиісті жабдық пен жиһазға қызмет көрсету бойынша регламенттік жұмыстарды жүргізууді жүзеге асыру.

16. Іске асыру мерзімдері: шарт күшіне енген сәттен бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанга дейін.

7. Қаржылық операцияларды жүзеге асыруға қойылатын талаптар

18. . Қызметті үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.

19. Орындалған жұмыстардың актілері мен қаржылық есептер қызмет көрсету фактісі бойынша ай сайын ұсынылады.

Тапсырыс беруші:

"Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Нұр-Сұлтан қ, Бейбітшілік, 11
БСН 88074000016
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ22070102KSN6201000
"КР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 557455

Басшының орынбасары
(подпись) И. Еламанов



Өнім беруші:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицея» шаруашылық жұргізу құқығындагы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Нұр-Сұлтан қ, Алматы ауданы,
Ж.Нәжіменова көшесі 24 ғим.
БСН/ЖСН 220540004818
БСК KCJBKZKX
ЖСК KZ988562203117259668
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 87787000519

Ж.Т.Нұсіпжан

